



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№34-35 (838-839) Сәрсенбі 23-30 тамыз 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

## 2024 ЖЫЛЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ МӨЛШЕРІ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

«2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасын Қаржы министрлігі «Ашық НҚА» порталында орналастырды. Құжат зейнетақы мөлшерін, ең төменгі күнкөріс деңгейін және АЕК мөлшерін анықтайды.

Атап айтқанда, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай өзгерістер болады:

- ең төменгі жалақы 70 000 теңге;
- мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 28 215 теңге;
- ең төменгі зейнетақы – 57 853 теңге;

айлық есептік көрсеткіш – 3692 теңге; базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі – 43 407 теңге.

Сондай-ақ жасына және еңбек өтіліне байланысты зейнетақы төлемдерін 9,0%-ға арттыру күтілуде.

Айта кетейік, 2023 жылға арналған зейнетақы төлемдері мынадай:

- мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 24 341 теңге;
- ең төменгі зейнетақы – 53 076 теңге.

## БИЫЛ РЕЗИДЕНТУРАҒА БӨЛІНГЕН ГРАНТ САНЫ 2500-ГЕ ДЕЙІН ӨСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында үш жыл ішінде резидентурада оқуға берілетін гранттардың жыл сайынғы саны 70 пайызға артатынын айтқан еді. Үкіметтің мәліметінше, 2023 жылы гранттар саны 70 пайызға – 1500-ден 2500-ге дейін өсті. «Мамандар жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім берудің 47 бағыты бойынша дайындалады, оның ішінде

негізгілері: Акушерлік және гинекология – 214, Анестезиология және реаниматология – 200, Неонатология – 119, Терапия – 115, Жалпы хирургия – 98, Неврология – 92, Психиатрия – 88, Оториноларингология – 83, Кардиология – 78, Офтальмология – 66, Жұқпалы аурулар – 63, Травматология-ортопедия – 62, Эндокринология – 55, қалғандары – 1167» деп жазды ведомстводан.

«Конституциялық реформа Қазақстан тарихындағы жаңа дәуірдің бастауын белгіледі. Ендігі жерде әділдік, ашықтық және ынтымақтастық қағидаттары қатаң сақталады».

Қ.К.ТОҚАЕВ.



## АТА ЗАҢ – БАСТЫ ҚҰЖАТ

Қазақстан Республикасының Конституциясы күні азаматтардың еліміздің басты Заңына назар аударуын арттырады. Қазақстандықтарға бұл құжаттың маңызы, Конституцияның азаматтарға қандай құқық пен құндылық беретіні және елде конституционализмнің қалай дамып жатқаны кызықтырады.

Тәуелсіз Қазақстан өмір сүріп жатқан Негізгі Заң 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданды. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясы қазақ қоғамының заңнамалық негіздерінің сан ғасырлық даму процесінің жалғасы болып табылады. Қазақ хандығында қазақтар шашыраңқы көшпенділер болмағаны, қоғамдағы қатынастарды реттейтін заңдар қабылдағаны белгілі. Әсіресе, XVII-XVIII ғасырлар тоғысында қабылданған «Тәуке хан заңдары» немесе «Жеті жарғы» сәтті болды.

Еліміздің қазіргі Конституциясы қазақ және орыс тілдерінде жазылған. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, бірақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында онымен қатар орыс тілі де қолданылады. Бір қызығы, қазақ тіліндегі Конституция орыс тілі нұсқасынан (7168-ге қарсы 8904 сөз) үлкен болып шықты, оған қазақ тілінің ерекшелігі мен заң терминдерінің аудармасы әсер етті.

Негізгі өзгерістер мыналар:

- Қазақстан суперпрезиденттік басқару түрінен ықпалды парламенттік бар президенттік басқару түріне өтуде.

- Президенттің туыстарына жоғары мемлекеттік лауазымдарды атқаруға тыйым салынады. – Жер мен оның астуры халықтыкі.

- Қазақстандықтар Конституциялық сотқа өз бетінше жүгіне алады.
- Қазақстанда өлім жазасы болмайды.

- Мәжілістің депутаттық корпусы аралас с айлау жүйесі бойынша құрылады.

- Сенаттағы президенттік квота қысқарлады, Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасы жойылады.

- Мажоритарлық жүйе сайлаушылардың өтініші бойынша депутатты кері қайтарып алуға мүмкіндік береді.

- Тұңғыш Президенттің ерекше рөлі мен артықшылықтары туралы ережелер алынып тасталды.

Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен

дамуының үш онжылдығы ішінде қоғамда елеулі өзгерістер болды, олар Ата Заңдағы өзгерістерден көрініс тапты. Конституцияға бірнеше рет түзетулер қабылданды, олардың 90-нан астамы осы уақыт ішінде енгізілді. 2022 жыл Қазақстандағы конституционализмнің қалыптасуы мен дамуының маңызды реформа болды – елді басқаруда іргелі кезеңі жүргізілуде.

Бұл реформаның мәнін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев былайша ашып көрсетті: «Конституциялық реформа Қазақстан тарихындағы жаңа дәуірдің бастауын белгіледі. Ендігі жерде әділдік, ашықтық және ынтымақтастық қағидаттары қатаң сақталады». Түзетулер жобасын заңгер ғалымдар әзірлеп, азаматтарға таныстыру үшін ұсынылды. Қазақстан Конституциясына 33 бапқа 56 түзету енгізілді. Түзетулер мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматына әкеледі: олар азаматтардың елді басқаруға қатысу құқықтарын кеңейтеді, азаматтық құқықтарды қорғауды күшейтеді. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Парламентінің мәртебесі мен рөлі артып, жаңа мемлекеттік үлгіге – суперпрезиденттік президенттік республикаға көшу жүзеге асырылуда. Конституциялық реформа бүкіл құқық саласын жаңартуға жол ашты. Өзгерістер 2022 жылы 5 маусымда өткен жалпыхалықтық референдумда қабылданды. Көпшілік Ата Заңға өзгерістер енгізу туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасын қолдады. Бүкілхалықтық дауыс беру қорытындысы бойынша Орталық сайлау комиссиясы түзетулер жобасын референдумға қатысушылардың 77 пайызы қолдағанын атап өтті. Осылайша ел дамуының жаңа тарихи кезеңі басталды.

Конституцияға енгізілген өзгерістермен бірге мемлекеттік саяси жүйесі өзгеруде. Референдум арқылы Ата Заңымызға енгізілген түзетулер күшіне енді. Конституция күні – әрбір азаматтың еркін демократиялық қоғамда өмір сүру құқығына кепілдік беретін еліміздің Ата Заңының мерекесі. Еліміздің әрбір тұрғыны өзінің қай мемлекетте тұратынын, қандай құқықтары бар екенін білу үшін осы еліміздің басты құжатымен және оның тарихымен танысу маңызды.

Ж.ҚАСЫМ



## ШЫНАЙЫ ДОСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС НЫҒАЯ БЕРМЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен келіссөз жүргізді. Тәжікстан Президентінің Астанаға сапары шағын құрамдағы келіссөздерден басталды. Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ынтымақтастықты нығайту үшін бұл сапардың маңызы зор екенін атап өтті.

– Сіздің сапарыңыз біздің бауырлас елдеріміз арасындағы шынайы достық қарым-қатынасты одан әрі нығайту тұрғысынан зор маңызға ие. Елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік, одақтастық қарым-қатынас туралы айтуға толық негіз бар. Астанадағы тәжік мәдениеті күндерінің ашылуына сіздің арнайы келуіңіздің өзі көп нәрсені аңғартады, – деді Президент.

Өз кезегінде Эмомали Рахмон көрсетілген құрмет үшін ризашылығын білдірді.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, шақыртуыңызға, іштіпатыңызға, қонақжайлық көрсеткеніңізге көп рахмет! Ең алдымен, бүгін Сізбен екі ел арасындағы қарым-қатынастың ахуалы мен перспективаларын, сондай-ақ халықаралық және аймақтық мәселелерді талқылағым келеді, – деді Тәжікстан Президенті.

Одан кейін келіссөздер екі елдің делегация мүшелерінің қатысуымен өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда Тәжікстанмен арадағы достық қарым-қатынасты жоғары бағалайтынын жеткізді.

– Бауырлас тәжік халқына қазақ жерінде айрықша құрметпен қарайды. Отандастарымыз қазіргі Тәжікстан туралы көбірек біліп, тәжік халқының бай мәдениетімен

тереңірек танысқысы келеді. Осы орайда сіздің осындай ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру туралы бастамаңызды Қазақстан халқы мен еліміздің қонақтары ерекше ықыласпен қабыл алды. Бұл айтулы шара екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жыл толған кезеңде өткізілуінің ерекше символдық мәні бар, – деді Президент.

Мемлекет басшысы барлық саладағы екіжақты ынтымақтастықтың, соның ішінде су және энергетика кешеніндегі өзара іс-әрекеттің қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Су және энергетика салаларындағы міндеттемелерді орындауға, атап айтқанда, Қазақстанға су және электр энергиясын жеткізуге байланысты шешімді уақытылы қабылдағаныңыз үшін сізге және барша тәжік тарапына алғысымыз шексіз. Қазақстан өз тарапынан сіздің алдыңғы сапарыңыз кезінде өзара келіскен барлық міндеттемені орындап жатыр, – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонның мамыр айында Қазақстанға сапары кезінде қол қойылған Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы

одақтастық өзара іс-қимыл туралы декларацияның сәтті жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Президенттің айтуынша, биыл 6 айда тауар айналымы 500 миллион доллардан асқан. Бұл ретте өзара сауда-саттық көлемін 2 миллиард долларға дейін арттыру жоспарланып отыр. Тәжікстан Президенті де екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі жағдайына жоғары баға берді.

– Тәжікстанның мәдениет күндерін және көрмесін, сондай-ақ еліміздің ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп секторы өнімдерінің жәрмеңкесін Астана, Алматы және Шымкент қалаларында өткізуге қолдау көрсеткеніңіз үшін алғыс айтамын. Бұл шараларды Тәжікстан мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың, стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың үздіксіз дамуының бір белгісі деп бағалаймыз. Бұл шаралар екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орнағанына 30 жыл толған кезеңде өтуінің өзіндік мәні бар. Бүгінде елдеріміз арасындағы қарым-қатынастың өзара түсіністік, жоғары құрмет пен сенімге негізделгені куәланды. Байланыстарымызды одан әрі нығайту Тәжікстанның сыртқы саясатының негізгі басымдығы болып қала береді, – деді Тәжікстан Президенті.

Әңгімелесу барысында сауда-экономика, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, энергетика, қаржы және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара іс-әрекетті одан әрі дамыту перспективалары талқыланды.

«Ел тілегі» ақпарат

## СЕНІМСІЗ СІЛТЕМЕ САН СОҚТЫРАДЫ

Әлеуметтік желілердегі хакерлік форумдарда банк клиенттерінің деректер базасына сұраныс жоғары. Сондай-ақ мұндай ақпараттар ақылы. Бұл өзіндік бір көленкелі бизнес түрі саналады, – дейді кибершабуылдарды талдау және тергеу орталығының мамандары. Дербес деректер желіге тарап кетпеуі үшін сарапшылар белгісіз сайттарға кірмеуге шақырады. Көп жағдайда интернет-ойындар мен онлайн сатып алу сайттарына кірген пайдаланушылар әккілердің қармағына жиі түседі.

– Көп азамат тегін нәрсеге құмар. Ұтыс ойындарын көрсетіп, айналып өте алмайды. Олар асығыстықтан әлеуметтік желідегі ақпараттың рас-өтірігін тексермейді де. Ойланбастан жеке деректерін өздері жіберіп салады. Сондықтан кибер-гигиена ұғымын насихаттау керек. Ақшаны өзгені есепшотына аудармас бұрын, бірнеше мәрте ойлану қажет. Жіберген сілтемелерге өтпеу керек, – дейді Кибер шабуылдарды талдау және тергеу орталығының басшысы Олжас Сатиев.

Сенімсіз сілтеме сан соқтырмасын десеңіз, әр қадамға байыппен қараныз!



# АДАМЗАТТЫ КЕМЕЛДІККЕ БІЛІМ ҒАНА ЖЕТЕЛЕЙДІ

**Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Әділетті Қазақстан: Сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы педагогтерінің республикалық тамыз конференциясының жалпы пленарлық отырысы өтті. Алқалы жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлнарарова, Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов, Оқу-ағарту министрлігі мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Наталья Жұмаділдаева қатысты.**

Биылғы тамыз мәслихаты жаңа форматта өтуде. Министрлік ұстанымына сәйкес әр облысқа арнайы тақырыптар белгіленген. Өзге өңірлерден келген 300-ден аса үздік педагог білім беру саласының маңызды мәселелерін талқылады.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өзгерістерге қадам басқан уақытта жас ұрпаққа сапалы білім беруде, тәрбиелеуде ұстаздардың еңбегі ерекше екенін айтып, бала болашағы үшін атқарылған жұмыстарды баяндады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Болашаққа жол сілтейтін мұғалімнің еңбегін лайықты бағалау – өте маңызды міндет» деп атап өтті. Биылғы тамыз кеңесінің «Әділетті Қазақстан: Сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» атауын еншілеу құндылықтардың бағасы қай кезде де биік екенін тағы бір дәлелдеді. Себебі адамзатты кемел ойға тек білім ғана жетелейді. Ел Президентінің, Үкіметтің қолдауымен соңғы бір жыл ішінде білім саласына бағытталған қаржы көлемі 260 млрд теңгеге жетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 20%-ға артық. Осының арқасында саладағы ауқымды жобаларды сәтті жүзеге асырудамыз. Өңірдің 3-6 жастағы балалары 100 пайыз мектепке дейінгі тәрбиені қабылдаған. Ал 2-6 жастағылар үлесі 88,9 пайызға жетті. Турақты қолдау көрсетілгендіктен, балабақшалар заманауи бағыттағы IT жобаларды сәтті енгізіп, аймақтың үздік тәжірибесін өзге облыстарға таратуда. Бұл ретте тәрбиешілердің білім деңгейін көтеруге ерекше жағдай жасалды. Жыл көлемінде барлық жеке балабақша тәрбиешілері

тегін курстардан өтуде. Біз үшін тәрбиешілердің мемлекеттік немесе жеке балабақшада жұмыс істегені маңызды емес. Олардың біліктілігін арттыруда тең көзқарас ұстанамыз. Өйткені – бала бәрімізге ортақ, – деді аймақ басшысы.

Тамыз кеңесінде баяндамашылар өз салалары бойынша тәжірибелерін бөлісіп, бала тәрбиелеуге қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Аймақ кетейік, биыл Қызылорда облысының білім саласында жағымды жаңалықтар жетерлік. Аймақта мемлекет пен жекеменшік әріптестігінің ынтымақтастық аясы кеңейіп келеді. Бүгінде облыстағы 613 балабақшаның 453-і немесе 73%-ы жеке сектордың үлесінде.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» бағдарламасы шеңберінде құны 86,2 млрд теңге болатын 21 заманауи мектеп салынады. Жаңа білім ордалары 12 мыңнан аса оқушыны қамтиды. Биыл өңірде 10 мектептің іргетасы қаланады. «Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласында құны 7,9 млрд теңге болатын физика-математика бағытындағы мектеп-интернат құрылысы басталды. Дарынды балаларға арналған жаңа оқу ордасында республикалық физика-математика мектебінің таңдаулы ұстаздары сабақ береді. Аймақта жеке мектептердің де үлесі артауда. Қазірдің өзінде 24 жеке мектеп жұмыс істесе, биыл 7 мектеп ашылады. Қаланың сол жағалауында «ҚазГерМұнай» компаниясының қаржылай қолдауымен 350 орындық заманауи Оқушылар сарайы салынады. Бұл қосымша білім беру ордасы озық ойлы, өнерге



құштар, спортқа бейім дарынды балалардың шамшырағын жағады.

Аймақта апатты деп танылған 6 мектептің мәселесі онтайлы шешілді. 4 білім ошағының құрылысы «Жайлы мектеп» жобасы арқылы салынса, Арал ауданы, Тоқабай ауылындағы мектеп құрылысы жеке инвестор есебінен жүргізілуде. Білім нысаны жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Ал Шиелі ауданындағы тағы бір апатты мектеп мәселесі «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» көмегімен шешіледі. Қала мектептеріндегі орын тапшылығы мәселесі қосымша құрылыс салу арқылы реттелуде. Облыс орталығындағы 4 мектептің 1850 балаға арналған қосымша ғимараттары жаңа оқу жылында балаларды қабылдайды.

Ауыл балалары үшін салынған 1400 орындық 4 мектеп (Жаңақорған «Майбекет»), Шиелі Байсын, Қазалы Әйтеке би кенті, Қызылорда қаласы «Бәйтерек» шағын ауданы) осы жылы ел игілігіне табысталмақ. Білім мазмұнын арттыру мақсатында мектептерді заманауи ләнді кабинеттермен жабдықтауға, бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін соңғы үлгідегі бейнекамералар

алуға жергілікті бюджеттен 1 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді.

## «ТӘРБИЕ ОРТАЛЫҒЫ» ЖҰМЫСЫН БАСТАЙДЫ

Облыста жаңа оқу жылынан бастап «Тәрбие орталығы» жұмысын бастайды. Орталықтың мақсаты – балалардың ой-танымын арттыру, спорттық қабілетін шыңдау. Аймақ басшысы жас ұрпақты тәрбиелеу барысында ұлттық құндылықтар мен тұлғатану институтын қалыптастырудың маңызын атап өтті.

Білім берудің үздік тәжірибесін лайықты жалғастыра келе, ұлттық құндылықтар мен тұлғатану институтын қалыптастыруға тиіспіз. Бұл бүгінгі буынның біліміне жауапты ұстаздарды ғана емес, бауыр еті – баласы үшін барын беретін ата-аналарды да алаңдауы қажет. Жаңа оқу жылынан бастап облыста «Тәрбие орталығы» өз жұмысын бастайды. Орталық қызметі балалардың ой-танымын арттыруға, спорттық қабілетін шыңдауға, жасөспірімдер арасындағы түрлі

келендіктердің алдын алуға бағытталады. Бұл орайда облыстық білім басқармасы полиция департаменті және қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, жергілікті жерде жасөспірімдердің тәрбиесі, құқық бұзушылығына қатысты нақты талдаулар жүргізіп, кешенді шаралар қабылдауы керек, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, елімізде болашақ ұрпаққа жол сілтейтін педагог еңбегін лайықты бағалауға бағытталған кешенді іс-шаралар қолға алынған. Президент тапсырмасымен соңғы 4 жылда мұғалімдердің жалақысы 100 пайызға артты. Ал 1 қыркүйектен бастап балабақша тәрбиешілерінің еңбекақысы 30 пайызға ұлғаяды. Биыл өңірде балаларды мектепке тасымалдау мәселесі де шешімін тапты. Жаңа үлгідегі 30 автобус шалғайдан қатынайтын оқушылардың игілігіне қызмет етеді.

## ОҚУШЫЛАР ТЕГІН ЫСТЫҚ ТАМАҚПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Биылдан бастап Қызылорда облысындағы барлық бастауыш сынып оқушыларының және 5-11 сыныптағы әлеуметтік көмекті

қажет ететін оқушылардың тегін ыстық тамағына қаржы бөлінді. Аймақ басшысы балаларды әлеуметтік қолдау жұмыстың басым бағыттарының бірі екенін айтты.

– Осы оқу жылында балабақшалардағы арнайы санаттағы балалардың ыстық тамағына жергілікті бюджеттен қаржы бөлуі жоспарлаудамыз. Жаңа әдістемеге сәйкес, бұл қаражат мемлекеттік балабақшалармен қатар жеке тұлғаларға да бағытталады. Биыл алғаш рет 1-4 сыныптарда оқитын 70 мыңнан аса баланы тегін ыстық тамақпен қамтыдық, бұған жергілікті бюджеттен 5,5 млрд теңге қаралды. Ал 5-11 сыныпта білім алатын әлеуметтік көмекті қажет ететін 17 мыңға жуық оқушының тегін ыстық тамағына 3,3 млрд теңге бөлінді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімі өз баяндамасында колледждерде кәсіби маман дайындау әлі де өзекті екенін айтты.

– Өкінішке қарай, кейбір жастар мамандық таңдауда еңбек нарығының сұранысын ескермейді. Жұмысшы кәсібін меңгеруге ықылас таныта қоймайды. Бүгінде техникалық мамандықты игерем деген әрбір түлекке мемлекет тарапынан қолдау бар. Біз жыл сайын мемлекеттік тапсырыс көлемін ұлғайтып келеміз. Биыл 4,5 мыңнан аса балаға тегін грант береміз, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, студенттердің, әсіресе ауыл балалары үшін жатақхана мәселесі түбегейлі шешімін тапты. Осы жылы Қаржы орталығы арқылы Арал ауданындағы Арал индустриалды колледжінің жатақханасы салынды, жақын арада нысан пайдалануға берілме. Балалардың бос уақытында үйірмеге баруы өте маңызды. Осы ретте қала, кент, ауылдардағы мектептерде Оқушылар сарайы мен Өнер мектептерінің филиалдарын ашу жоспарлануда. Мұнан бөлек, облыс әкімінің тапсырмасымен 2 маусымдық лагерь жыл бойы жұмыс жасауға көшті. Келесі жылы жеткіншектердің облыстағы және еліміздің алдығы қатарлы демалыс орындарында тынығуына жағдай жасалады.

## Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру тәртібі

# ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

«Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – объектінің мемлекеттік көрсетілетін қызметі) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) «электрондық үкімет» [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

«Қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес «Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесі) келтірілген.

Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны (бұдан әрі – объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды) алу үшін заңды немесе жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға

сәйкес нысан бойынша өтініш және берілетін объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 8-тармағына сәйкес құжаттарды жібереді. Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің осы бұйрықпен бекітілген Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектісіне есепке алу нөмірін өндіру объектісіне есепке алу нөмірін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметімен жиынтықта «бір өтініш» қағидаты бойынша (бұдан әрі – «бір өтініш» қағидаты бойынша көрсетілетін қызмет) алуға болады.

Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектісіне есепке алу нөмірін беруді растау туралы өтініш портал арқылы жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті келіп түскен күні тіркейді. Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің

қызметкері объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуы дәлелденеді.

Көрсетілетін қызметті беруші бастауышының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуы дәлелденеді.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері объектіге тексеру жүргізгеннен кейін осы Қағидалардың 8-тармағында

көрсетілген объектінің санитариялық-эпидемиологиялық тексеру актісінің және объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті осы қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды, оң қорытынды болған кезде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24082 болып тіркелген) нысан бойынша объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды ресімдейді және береді.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының осындай алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға ол бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі туралы алдын ала хабардар етеді. Хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы көрсетілетін қызмет аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жібереді. Көрсетілетін қызметті берушінің қорытындысы алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде негіздеме беруге және алдын ала шешімге қарсылық білдіруге мүмкіндігі бар. Тыңдауды өткізу нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды ресімдейді және береді не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді. «Бір өтініш» қағидаты бойынша қызмет көрсету нәтижесі – санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды және объектіге есептік нөмір беру туралы

растау не оны қорсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беруден дәлелді бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анықтығын анықтау;

2) ұсынылған деректер мен мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтердің Кодекстің 94-бабына сәйкес бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Ақпараттық жүйе істен шыққан кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сәйкес туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді. Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және бірінғай байланыс орталығына жібереді.

**Ранайқұл САХАНОВА,**  
**Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы**



## ПАТРОНАЖ МЕЙРБИЖЕСІ – БАЛА САУЛЫҒЫНЫҢ КЕПШІ

Шамамен есептегенде жыл сайын Қазақстанда 400 мыңға жуық сәби дүниеге келеді екен. Өмірінің алғашқы айларында жаңа туған нәресте үнемі бақылауды және дұрыс күтімді қажет ететіні белгілі. Бұл үшін қазіргі кезде медициналық ұйымдарда патронаждық қызмет жұмыс жасайды. Яғни нәрестені үйге шығарғаннан кейін оны бірден емхананың учаскелік медбикесі өз бақылауына алады. Сондай-ақ 18 жасқа дейінгі балалар медициналық сақтандыру жүйесінде азаматтардың жеңілдікті санатына кіреді, сондықтан оларға туғаннан бастап кәсіптік қосымша тәжірибелі медбикелермен бірігіп барлық медициналық көмек мемлекет есебінен тегін көрсетіледі.



ақ дағдарыс туындаған кезде көмек көрсете алатындығын айта кетуім керек. Сонымен бірге үйлерді аралаған кезде тек қана баланың денсаулығы ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік жағдайын, ақыл-есінің дамуын, сөйлеуін де бағалаймын. Қажет болған жағдайда оларды арнаулы мамандарға жіберемін. Кішкентай балаларды тәрбиелеуде жас ата-аналардың тәжірибесі болмағандықтан, балаға дұрыс күтім жасауды білмеуі мүмкін. Нәрестені қарайтын, ата-анасына баланы қалай емізу керектігін, баланы шомылдыру және өзге де кеңестер беріп, қолдау көрсетуге тырысамын, дейді Гүлбану Сәдуақасқызы.

Патронажды мейрбикелер санитарлық нормаларды сақтауы қажет. Олар міндетті түрде науқасты қабылдағанға дейін одан кейін қолды сабындап жуып, масканы уақытында ауыстыруы керек. Үйге келіп тексеру жүргізген кезде қолдарын қажет болғанда өңдеп отыру үшін, медбикелер өздерімен бірге дезинфекциялайтын ертіңді алып жүреді. Медбике ата-аналардан балаға қандай күтім жасап жатқанын, қалай тамақтандырып жатқанын, сәбидің барлық қажет нәрселері бар жоғын біледі. Содай-ақ бала қауіпсіз жерде және оған төніп тұрған қауіп жоқтығына көз жеткізу үшін, отбасы ішіндегі хал жағдайды зерттейді.

Гүлбанудың айтуынша, патронажды мейрбикелер босанудан кейін күйзелістің белгілерін уақытында анықтау үшін, ананың хал-жағдайына әрқашан назар бөледі. Әрбір медбикенің анаға арналған сұрақтар тізімі бар, ол бойынша медбике оның эмоционалды күйін белгілейді. Күйзеліс жағдайында психологтар келеді, олар анаға осы күйді жеңуге көмектеседі.

Жемістің еңбек етіп жүрген маманың марапаттары да аз емес. Ол Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы С.Пазиловтан облыс тұрғындарының денсаулығын ығыайтуға және денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Алғыс хатпен, №1 қалалық емханасының Бас дәрігері Р.Сериалиеваның Алғыс хатын, «Ұмай» мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сауықтыру және тәрбиелеу қайырымдылық үйі» мекемесінің директоры А.Изденнің Алғыс хатымен марапатталған.

Ана мен бала қоғам байлығы. Ал олардың денінің саулығына алаңдап, барлық күш-жігерін салып еңбектеніп жүрген медицина мамандарына күш-қуат берсін дегім.

Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Алдағы жылдан бастап Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 10 мыңнан аз тіркелген халқы бар алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымдармен шартқа отырмайды деп жоспарлануда. Бұл медициналық мекемелер арасында қаржыны тиімді бөлуді қамтамасыз етіп, пациенттердің қолжетімді, сапалы және уақтылы медициналық көмекке құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Өзгертілген бұйрық жобасы қоғамдық талқылауға шығарылды. Олар құп көрсетсе, Қормен жұмыс жасайтын медициналық ұйымдарды да айналып өтпейді. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Басқарма Төрағасы Сәбит Ахметов Түркістан облысының медициналық қоғамдастығымен кездесу барысында хабарлады.

## ЕМХАНАЛАРҒА ТАЛАП КҮШЕЙТІЛЕДІ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен жұмыс істейтін медициналық ұйымдардың саны жыл сайын көбейіп келеді. Биыл 1900-дан астам мекеме Қормен шарт жасасты, ал шамамен оның 700-і алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетеді. Бұл ретте емханалардың көбі Алматы мен Түркістан облыстарына тиесілі. Соңғысында 59 медициналық ұйым қызмет ұсынады. Әрқайсысы кешенді норматив арқылы қаржыландырылады, яғни әр тіркелген пациентке ай сайын Қор төлейді. Осылайша, екенде халық саны неғұрлым көп болса, соғұрлым көп қаражат алады. Ал 10 мыңнан аз, кейде 2 мың адам тіркелген медициналық ұйымдарға қаржылық тұрғыдан қиынға соғады. Оларға шамалы бюджеттен қыруар шығынды өңдеуге тура келеді. Атап айтар болсақ, ғимаратты күтіп ұстау, жалақы төлеу, бейінді мамандарды тарту, коммуналдық шығындарды төлеу және жабдықтар, дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды сатып алу керек. Сондықтан көптеген медициналық ұйымдар 90%-ға жуық медициналық қызметті бірлесіп орындауға беруді жөн көріп, бір жалпы тәжірибелік дәрігер мен медбикенің күшімен жұмыс істейді. Бейінді маманнан кеңес алу немесе тексерілу үшін әр түрлі медициналық мекемеге жолдамамен баратын пациенттерге ауырға соғады. Бұл медициналық көмектің қолжетімділігі туралы айтылған қағиданы бұзады.

«Адамдар денсаулығын сіздерге сеніп тапсырады. Сол себепті халыққа медициналық сақтандырудың қолжетімділігін қамтамасыз ету сіздердің міндетіңіз болса, біз сеніп тапсырылған ақшаны көрсетілген қызметтер үшін тиімді бөлуді қажет көрсетіміз. Әркім өз ісімен айналысып, оны сапалы орындауға тырысуы шарт. Біз сатып алу ережелерін қайта қарап, өзгерістер қабылдана, келесі жылдан бастап 10 мыңнан аз адам тіркелген емханалармен шарт жасалмайды. Ал бұрыннан Қормен шарт жасасқан мекемелердің пациенттерді тіркеп, халық санын арттыруға уақыты бар. Ал емхана қажет халық санын жинай алмаса, олармен шарт жасалмайды, - делі Сәбит Ахметов. Қор басшысының ойынша, бұл жерде денсаулық сақтау басқармасы үлкен рөл атқарады. Себебі олар өңірдегі жағдайдан құлағдар, яғни халықты емханаларға біркелкі бөліп, медициналық жабдықтарды сатып алуға көмектеседі және медициналық көмек көрсетуге жеке инвесторларды, оның ішінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде тартып, медициналық көмектің қолжетімділігіне жауап береді. Ал Түркістан облысында 2 млн астам адам тұратынын әрі тұрақты өсу үрдісі бар екенін ескеретін болсақ, жеке инвесторлар үшін бұл өте тартымды болмақ. «Біз медициналық ұйымдарды мемлекеттік немесе жекеменшік деп бөліп - жармаймыз. Қор білікті мамандар жұмыс істейтін, материалдық-техникалық жағынан жаратқандырылған емханалармен шарт жасасады, - деп атап өтті Сәбит Ахметов.

Басқарма төрағасы 3-5 айдың ішінде адам санын ондаған мың адамға арттырып, сәйкесінше мекеменің дамуына қыруар қаржы алған Қарағанды және Астана емханаларын мысалға келтірді. Онда бейінді сала мамандары жұмыс істейді әрі толық жабдықталған (ультрадыбыстық аппараттар, КТ, МРТ). Алайда, жекеменшік клиникалардың құрылтайшылары желдеткіштерді тиісті көлемде алмай, күрделі жөндеу кезінде үнемдеп, жабдықтарды жаңартпай жатады. Қор басшысы Түркістан

облысының медициналық ұйымдарын аралау кезінде сондай нысанды көрсетіп, Қормен ары қарай жұмыс істеу үшін сапаға назар аударып, стандартқа сәйкестендіруді тапсырды. Кері жағдайда, медициналық ұйымдармен шарт бұзылады. Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдуәліев аймақ халқының 75%-дан астамы ауыл азаматтары екенін тілге тиек етті. Оларға медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру үшін медициналық ұйымдарды ірілендіру мәселесі шешілуде. Сонымен қатар, көптеген елді мекендер Сайрам орталық аудандық ауруханасында барлық консультативтік-диагностикалық көмекті алып отыр. Медициналық ұйымды ауданаралық деңгейге дайындауда әрі барлық қажетті жабдықтармен жабдықталып жатыр.

Кездесу барысында ол бірқатар проблеманы айтып, оңалту және желел жәрдем тарифтерін қайта қарауды, аз инвестиция операциядан кейін асқинуларды болдырмау үшін дәрігерлердің бақылауында біраз уақыт қалуы үшін аудандардағы пациенттер үшін бір күндік хирургия тарифін әзірлеуді сұрады. Желел жәрдем бойынша тарифтердің төмендігі айтылып қана қоймай, нақты шешімдер айтылды. Желел жәрдем станциясына қайтар жолға айырымды үнемдеу мақсатында желілік бригадалар енді постка оралмайды. Қызмет көрсеткеннен кейін, олар соңғы мекенжайда қалып, келесі қонырауды күтеді.

«Адамдар денсаулығын сіздерге сеніп тапсырады. Сол себепті халыққа медициналық сақтандырудың қолжетімділігін қамтамасыз ету сіздердің міндетіңіз болса, біз сеніп тапсырылған ақшаны көрсетілген қызметтер үшін тиімді бөлуді қажет көрсетіміз. Әркім өз ісімен айналысып, оны сапалы орындауға тырысуы шарт. Біз сатып алу ережелерін қайта қарап, өзгерістер қабылдана, келесі жылдан бастап 10 мыңнан аз адам тіркелген емханалармен шарт жасалмайды. Ал бұрыннан Қормен шарт жасасқан мекемелердің пациенттерді тіркеп, халық санын арттыруға уақыты бар. Ал емхана қажет халық санын жинай алмаса, олармен шарт жасалмайды, - делі Сәбит Ахметов. Қор басшысының ойынша, бұл жерде денсаулық сақтау басқармасы үлкен рөл атқарады. Себебі олар өңірдегі жағдайдан құлағдар, яғни халықты емханаларға біркелкі бөліп, медициналық жабдықтарды сатып алуға көмектеседі және медициналық көмек көрсетуге жеке инвесторларды, оның ішінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде тартып, медициналық көмектің қолжетімділігіне жауап береді. Ал Түркістан облысында 2 млн астам адам тұратынын әрі тұрақты өсу үрдісі бар екенін ескеретін болсақ, жеке инвесторлар үшін бұл өте тартымды болмақ. «Біз медициналық ұйымдарды мемлекеттік немесе жекеменшік деп бөліп - жармаймыз. Қор білікті мамандар жұмыс істейтін, материалдық-техникалық жағынан жаратқандырылған емханалармен шарт жасасады, - деп атап өтті Сәбит Ахметов.

Басқарма төрағасы 3-5 айдың ішінде адам санын ондаған мың адамға арттырып, сәйкесінше мекеменің дамуына қыруар қаржы алған Қарағанды және Астана емханаларын мысалға келтірді. Онда бейінді сала мамандары жұмыс істейді әрі толық жабдықталған (ультрадыбыстық аппараттар, КТ, МРТ). Алайда, жекеменшік клиникалардың құрылтайшылары желдеткіштерді тиісті көлемде алмай, күрделі жөндеу кезінде үнемдеп, жабдықтарды жаңартпай жатады. Қор басшысы Түркістан

Айгүл АХАНОВА,  
Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы

Жаңа туған нәрестелердің патронажы – аурудың алдын алу, ата-аналарды баланың үйлесімді дамуы үшін оған дұрыс күтім жасауға үйрету мақсатында перзентханадан шыққаннан кейін үйдегі кішкентай пациентті белсенді бақылау жүйесі болып табылады. Айта кету қажет, анасы мен баласы ауруханадан тәулік бойы медициналық бақылау үшін медициналық көрсеткіштер болмаған кезде және қанағаттанарлық жағдайда ғана шығарылады. Бала үйге шығарылғаннан кейін перзентхана ол туралы ақпаратты одан әрі бақылау үшін нақты тұратын жері бойынша емханаға береді.

Ережеге сәйкес, медбике алғаш рет кішкентай пациентке ауруханадан шыққаннан кейін 1-3 күннен кешікпей баруы керек. Перинатальды және туа біткен патология белгілері бар шала туылған нәрестелерді шығарылған күні бірден қарауға тиісті. Егер бұл күн демалыс немесе мереке күндеріне түссе, мұндай нәрестелерге кезекші педиатр-дәрігер барды. Балалар учаскелік медбикесі балаға өмірінің бірінші айында әр 7 күн сайын 28 күн толғанға дейін барады. Содан кейін ол анасы мен баласын бір айлық жасында емханаға алғашқы тексеруге шақырады.

Өз ісіне жауапкершілікпен қарап, көпшілік ата-ананың көңілін шығын алғысын алып жүрген №1 емханасының №9 аймақ патронаж мейрбикесі, эмбебап-прогрессивті моделінің үздік маманы, облысаралық супервизия құрамының мүшесі Бекмаханова Гүлбану Сәдуақасқызы мақтаулы мамандардың бірі. Гүлбану Сәдуақасқызы 1981 жылы 19 ақпанда Қармақшы ауданында дүниеге келген. Орта мектепті

бітіргеннен кейін Түркістан медициналық колледжине 1999 жылы оқуға түсіп, оны ойдағыдай 2001 жылы бітіріп шықты. 2007 жылы мамыр айынан Жамбыл облысы, Жуалы аудандық ауруханасында медстатист қызметінен еңбек жолын бастады. 2013 жылы Тараз қаласындағы №4 қалалық емханасында аймақтық мейрбикесі, 2018 жылдан күні бүгінге дейін Қызылорда қаласындағы №1 қалалық емханасында патронаж мейрбикесі болып абыройлы қызмет атқарып жүр.

Осы жылдар ішінде Гүлбану Сәдуақасқызы балалар мен жүкті әйелдерге көмек көрсетіп, патронаждық қызмет көрсетудің эмбебап-прогрессивті үлгісінің 16 модулі бойынша өзінің аймағында жүйелі жұмыс жасап, 2022 жылы облыстық «Супервизия БШАЕ» бағдарламасы бойынша аудандар мен қала емханаларында өзінің тәжірибесімен бөлісіп келеді.

БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) колдауымен жас балалары бар отбасыларға патронаждық қызмет көрсетудің эмбебап прогрессивті патронат үлгісі әзірленген. ӘППҰ аясында патронаждық медбикелер отбасыларға, жүкті әйелдер мен жаңа туған балаларға, әсіресе медициналық немесе психоәлеуметтік қауіптерге байланысты ерекше сұраныстары бар, тәуекелі жоғары топтарға баруға баса назар аударады. Мұндай үлгі 2019 жылы ұлттық деңгейде Қазақстанның барлық аймақтарында алғашқы медициналық-санитарлық көмек ретінде енгізілген болатын. ӘППҰ жұмысының табыстылығының маңызды шарты тек оның болуына ғана емес, сонымен қатар патронаждық медбикелерді де оқыту болып табылады.

Кейіпкеріміз Гүлбану үш баланың аулуы анасы, ардақты жар, ибалы келін. Баланың болмысын ана ретінде де мейрбике ретінде де жақсы біледі. Баланың, ананың жайын жақсы түсінеді. Сабырлы, еңбеккер, өзінің саласын ерекше құрметтейтін жан ата-аналарға ақпараттар беруде, олармен сенімді қарым-қатынас құрып, алдын алу шаралары мен балаларды егуде, балаларда жас кәсіпті болатын ауру-сырқауларға қауіпті барлық сауалдарға жауап беруде жемісті еңбектеніп келеді.

-Кәсіби тәжірибемнің, сондай-ақ аналық тәжірибемнің арқасында мен баланың көзінен, бет әлпеті мен жымнысынан көп нәрсені түсінемін. Өзім үш баланың анасы болғаннан кейін де әрбір кішкентай пациентке өз баламдай қараймын. Жұмыста болсын және өз айналадағы ата-аналарға да олардың қандай мүмкіндіктер бар екенін және балалары қандай мемлекеттік қызметтері ала алатыны туралы әрдайым егжей-тегжейлі айтып жүремін. Бала тұрып жатқан отбасымен, жағдайымен танысып, түсіне білу менің басты міндетім. Бала немен тамақтанады, оның өміріне ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ па, ол денсаулығы мен дамуына керекті барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген бе, осының бәрін білу кез келген жағдайда бағалауды жеңілдетеді. Мейрбикелік патронаж күйзеліс жағдайлардың туындау ықтималдығының артуын ескере отырып, күйзелістік жағдайларға анағұрлым бейім жабдықтарды анықтап, сондай-ақ төтенше жағдайларда кішкентай балалары бар отбасылардың тұрақтылығын арттыруға, оларға қажетті білім мен дағды беруге, сондай-

## СТУДЕНТТЕР МЕМЛЕКЕТ ЕСЕБІНЕН САҚТАНДЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК АЛА АЛАДЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалына мемлекет МӘМС жарналарын төлейтін жеңілдікті санаттардың бірінші өкілдері ретінде студенттер үшін сақтандырылған мәртебесін алу мәселелерімен жиі жүгінеді. Қор филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов бұл мүмкіндік шетелде оқитын қазақстандықтар үшін қалай қарастырылғанын, сондай-ақ студенттердің неге кейде сақтандырылмайтынын түсіндірді.

**Жеңілдік бойынша сақтандыру кімге беріледі?**

МӘМС туралы заңға сәйкес (26-баптың 1-тармағының 13-тармақшасы), жасына қарамастан, күндізгі оқу нысаны бойынша оқитындардың барлығы (мейлі ол 18 жасқа толған мектеп оқушылары болсын, колледж, ЖОО немесе басқа да оқу орындарының студенттері болсын) азаматтардың жеңілдікті санатына кіреді, олар үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді.

Студенттер мемлекет есебінен сақтандырылған болып табылады және МӘМС пакетінде көрсетілген медициналық қызметтерге қол жеткізе алады.

Қазақстанда оқитын студенттер үшін сақтандырылған мәртебесін алу алгоритмі: Сақтандырылғандар мәртебесі Қазақстан аумағында оқитын азаматтарға жеңілдік ретінде беріледі және олардың деректері оқу орнының ақпараттық жүйесіне енгізіледі. Ол, өз кезегінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағындағы Ұлттық білім беру деректер базасымен (ҰБДҚ) біріктірілген.

Деректерді енгізуге студенттер оқитын оқу орнындарының әкімшілігі немесе деканаттарының қызметкерлері жауапты болады. ЖСН, Т.А.Ә., оқу кезеңі және оқу нысанын дұрыс толтыру міндетті шарт болып табылады. Егер бұл жолдар дұрыс толтырылмаған жағдайда, онда сақтандырудың

жеңілдетілген мәртебесі автоматты түрде берілмейді.

**Егер отандық ЖОО студенті сақтандырылмаған болса не істеу керек?**

Мәртебе ҰБДҚ-да студент туралы тиісті ақпараттың болуына байланысты берілетіндіктен, сіз өзіңіздің оқу орныңыздағы жауапты қызметкерге хабарласып, ақпараттық жүйеде деректерді тексеруді сұрауыңыз қажет. Кейде ақпараттың жанартылмағаны анықталады.

Оқу орындарына арналған жадынама:

- Оқу орнының ақпараттық жүйесіне білім алушылар туралы мәліметтерді (оның ішінде оқу жылы ішінде келгендер бойынша) уақтылы және дұрыс енгізу қажет, өйткені студенттерге ҰБДҚ-да біріктірілген деректердің болуы арқылы жеңілдік мәртебесі беріледі.

- Егер бір жылдың ішінде білім алушы оқудан шығарылса немесе басқа оқу орнына ауыстырылса, онда ол туралы мәліметтерді өзінің оқу орнының ақпараттық жүйесінен алып тастау қажет.

- Егер оқу орнының ақпараттық жүйесінде оқуды бұрын аяқтаған білім алушылар туралы деректер болса, оларды аталған жүйеден шығару қажет, өйткені бұл адамдар жұмысқа орналасу кезінде МӘМС жарналарын төлей алмайды.

Есіңізде болсын: Білім алушылардың МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу мүмкіндігі ақпараттық жүйеде олар туралы мәліметтердің дұрыс және уақтылы толтырылуына байланысты болады.

Шетелде оқитын қазақстандықтар үшін сақтандырылған мәртебесін алу алгоритмі: Шетелдік оқу орындарында оқитын қазақстандық күндізгі оқу нысанының студенттері МӘМС жүйесінде сақтандырылған тұлғалардың автоматты түрде жеңілдік мәртебесін ала алмайды. Ол үшін олар жүйеге өздігінен тіркелуі керек.

Ол үшін электрондық үкімет порталындағы

egov.kz сервисін пайдалану қажет:

1. Ізденіс жолына келесіні енгізу: «Шетелде оқитын студенттерді тіркеу».

2. Ашылған терезедегі өтінішті толтыру және оқуды растайтын құжаттарды қоса беру қажет.

3. Өтінішке ЭЦҚ көмегімен қол қою.

4. Көптеген жағдайларда сақтандырудың жеңілдікті мәртебесі жолдарды дұрыс толтырған жағдайда 10 жұмыс күні ішінде беріледі.

5. Егер сақтандырудың жеңілдікті мәртебесін беру көрсетілген мерзім ішінде орындалмаса, онда ҚР Білім және ғылым министрлігінің Халықаралық департаментіне жүгіну қажет. Әр семестр аяқталғаннан кейін сақтандыру мәртебесін тексеру және оқудың өзектілігін растау қажет екенін есте ұстаған жөн, өйткені дерекқордағы мәліметтер өзгеруі мүмкін.

Өкінішке орай, күндізгі нысанда оқитын студенттердің барлығы МӘМС туралы заң бойынша өздерінің жеңілдік берілгендер санатында екендігін және МӘМС-ке жарналар мен аударымдарды төлеулері қажет еместігін біле бермейді. Әсіресе шетелде білім алып жүрген студенттер. Сондықтан Қор мемлекет есебінен олардың МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебеге ие екендіктерін тағы да еске салады.

Егер студент көрсетілген тәсілдермен жеңілдік мәртебесін ала алмаса немесе мәртебесін анықталып, оқу орнының қабырғасында шешім таба алмаса, онда ол өтінішті Қордың кеңесі арқылы пошта арқылы жібере алады: kanc@fms.kz немесе Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы арқылы. Қор өзіне жүгінген тұлғаға сақтандырылған мәртебесін беру үшін ҚР Білім және ғылым министрлігімен, ҚР Сыртқы істер министрлігімен ынтымақтастыққа қажетті жұмысты жүргізеді.

Жанар ҚАСЫМ

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті (әрі қарай - Департамент) іс-қызметінің негізгі бағыты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, авариялар, оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу болып табылады.

Департамент қызметкерлері ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарын мүлтіксіз орындайды. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері заңнамада белгіленген мерзімдерге сәйкес уақтылы қаралады.

Департамент төрт мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. Жобалық құжаттаманы келісу
2. Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру
3. Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және шығару
4. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларының, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің білімін тексеру.

Департаменттің бекітілген жоспарына сәйкес тоқсан сайын мемлекеттік қызмет көрсету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мақалалар жарияланады. Бұдан басқа, мемлекеттік қызметтерді алу бойынша сұрақтар туындаған жағдайда 27-52-77 телефоны бойынша немесе dkrb\_kzyl@eme.gov.kz электрондық жәшік арқылы кері байланыс ұйымдастырылды.

Сыбайластық жемқорлық пен құқық бұзушылықты алдын алу мақсатында Департаментте жыл сайын «Сыбайлас жемқорлықтың көріністерінің алдын-алуға бағытталған іс-шара жоспары» бекітіліп отырады. 2023 жылға арналған жоспар бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

Департамент қызметкерлерінің арасында мемлекеттік қызмет көрсету саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және әдеп нормаларын сақтау мәселелері жайлы оқыту шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылып отырады.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті Превенция басқармасы және ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті бірлесіп, видеореалистер көрсете отырылып сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар талаптарын сақтау бойынша алдын-алу жұмыстары жүргізілді.

Департамент қызметкерлеріне мемлекеттік қызметте болуға байланысты міндеттемелер мен шектеулермен таныстырылды, сондай-ақ сыйлықтар алу және банктегі есеп шоттарға келіп түскен қаражаттар бойынша, пара талап ету-беру жайдайларындағы іс-әрекеттер туралы жадынамалармен таныстырылды.

25 сәуір 2023 жылы Департаменттің сыбайлас

жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың қорытындысы жасалып, 2022 жылдың 28 маусым мен 2023 жылдың 31 наурыз аралығы қамтылып, қорытынды жасалып Департамент қызметкерлеріне таныстырылды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы профилактикалық бақылау қадағалау жүргізу кестесіне және кәсіпкерлік субъектілеріне басқа тексеру түрлерін жүргізу кезінде Департаменттің мемлекеттік инспекторларына мүмкін болатын сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында және бақылау-қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) тексерулер жүргізу талаптарын айқындайтын нормативтік – құқықтық актілердің талаптарын бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында консультативтік кеңестер, нұсқамалар беріледі.

Жалпы жемқорлықтың алдын алу бағытында: департамент қызметкерлеріне түсіндірме жұмыстары мен дәрістер беру мақсатында 9 - семинар-кеңестер мен дөңгелек үстел, 6 – құқықтық оқыту өткізілді, 9 - мақала жарияланды.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен арыз-шағымдарын қабылдау, Департамент атқарып отырған қызметтердің ашықтығын қалыптастыру мақсатында, Департаментте 26-47-17 нөмірлі сенім телефоны және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 1424 call centre нөмірлеріне хабарласуға болатындығы жөнінде хабарламалар департаменттің сайтында, газет беттерінде жария етіліп және халыққа көрінетіндей жерлерде ақпарат ілінген.

Департаменттің кіре берісі дәлізінде азаматтарға арналған арыз-шағым жәшігі орналастырылған. Жыл басынан бері шағым түспеген. Департаменттің ғимаратында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стелді дайындалған. Барлық қызметкерлердің қызметтік бөлмелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер жайлы ақпараттар ілінген.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу тек жеке адамдардың немесе жекелеген топтардың ғана емес, мемлекеттік органдардың, үкіметтің, жалпы қоғамның басты міндеті мен борышы болып табылатындықтан, Департамент өз қузыреті шегінде атқарылатын жұмыстарға байланысты Департаменттің және ұжымның беделін жоғары ұстау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті тұрақты түрде жүргізіп отыру мақсатында, сыбайлас жемқорлық көріністеріне нольдік төзбеушілікті және қызмет барысында жариялықты, есіптілікті және ашықтықты қамтамасыз ету жұмыстары баса назарға алынып келеді.

**Е.Ж.ЖАРАСОВ,**  
Мемлекеттік инспектор - Департаменттің тау-кен өнеркәсібі және атом энергиясын пайдалану объектілерін мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы

## РАДИАЦИАЛЫҚ АХУАЛДЫ ТЕКСЕРУ АКТІСІ

25.08.2023 жыл



Комиссия мүшелері, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық Сараптама Орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының Шиелі аудандық бөлімшесінің радиология зертханасының маманы Туленова Қарашаш Бейсенбайқызымен «РУ-6» ЖШС-ті «Радиациялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің техник-дозиметристері Қожахметов Асанхан Батталұлымен Бердешов Құрманғазы Төлешұлының қатысуымен Шиелі ауданы бойынша, табиғи гамма сәулесінің тиімді доза қуатымен, пайдаланылып жүрген ғимараттардағы радонның еншілес өнімдерінің ауадағы эквивалентті тепе-тең көлемді белсенділігіне тексеру жүргізілді.

1. Ақмая ауылы
  - 1.1 №49 қазақ орта мектебі
  - Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08±0,13 мкЗв/сағат
  - Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 15 Бк/м3
  2. Абай көшесі
  - Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,09±0,16 мкЗв/сағат
  3. Орталық мешіті
  - Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08±0,14 мкЗв/сағат
  - Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 14 Бк/м3
  4. Ақмая ауылы мен 22-бөкет аралық тас жолы (трасса)
  - Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,07±0,15 мкЗв/сағат
  - 1.5. Іргелі қонысы (полуказарма)
  - Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,09±0,14 мкЗв/сағат
  - Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 16 Бк/м3
  2. Еңбекші ауылы.
  - 2.1. №159 Еңбекші қазақ орта мектебі.
  - Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,09±0,13 мкЗв/сағат
  - Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 15 Бк/м3
  - 2.2. Баба ата мешіті.
  - Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08±0,15 мкЗв/сағат
  - Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 13 Бк/м3
  - 2.4. Оразов көшесі.
  - Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,07±0,13 мкЗв/сағат
  - 2.5. А. Құнанбаев көшесі
  - Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08±0,14 мкЗв/сағат
  3. Жиделі ауылы
  - 3.1. №205 Жиделілар оқу орта мектебі
  - Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,07±0,15 мкЗв/сағат
  - Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 15 Бк/м3
  - 3.2. Оқшы ата көшесі
  - Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08±0,14 мкЗв/сағат
  - 3.3. Жамбыл көшесі



Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,07±0,13 мкЗв/сағат

- 3.4. Жиделілар оқу орта мектебі
- Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08±0,16 мкЗв/сағат
- Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 14 Бк/м3
4. Алғабас ауылы
- 4.1. Шымық-Самара тас жолы
- Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,07±0,14 мкЗв/сағат
- 4.2. №157 Б. Пәрімбетов атындағы орта мектебі
- Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08±0,15 мкЗв/сағат
- Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 16 Бк/м3
- 4.2 Бірлік көшесі
- Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08±0,14 мкЗв/сағат
- 4.3. Атамекен көшесі
- Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,07±0,13 мкЗв/сағат

Тексеру, мемлекеттік салыстырып тексеру сертификаттары бар: № 18699 кең диапазонды МКС-АТ1117М радиометр-дозиметрі және № 05-21 РАМОН-02 радон-радиометрі үлгісіндегі аспаптармен жүргізілді.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 2 тамызында №КР ДСМ-71 бұйрығымен бекітілген «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» Гигиеналық нормативтердің 29 тармағына сәйкес, өлшенген нүктелердегі гамма сәулесінің тиімді доза қуаты ашық жердегі дозаның қуатынан (0,20 мкЗв/сағат) және радонның еншілес өнімдерінің (ЕӨ) ауадағы эквивалентті тепе-тең көлемді белсенділігі (200 Бк/м3) рұқсат етілген шекті деңгейден аспайды.

Туленова Қ. Б.  
Қожахметов А. Б.  
Бердешов Қ. Т.

## МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ МӘРТЕБЕ МЕН ТӨЛЕМДЕРДІ ЕНДІ БАНК ҚОСЫМШАЛАРЫНДА ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ

Медициналық қызметтерді тұтынушының мәртебесін тексеру қызметі (сақтандырылған/сақтандырылмаған) енді Қазақстан Халық банкі, ЦентрКредит Банкі және Kaspi Bank мобильді қосымшаларына енгізілді. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бөлім басшысы Ғалымжан Салықов мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры МӘМС жүйесіндегі мәртебені тексерудің және соңғы 12 айдағы төлемдерді көрсетудің қолжетімді тәсілдерін кеңейту бойынша жұмыстар жүргізуде. Енді бұны кейбір екінші деңгейлі банктердің (ЕДБ) мобильді қосымшаларында жасауға болады.

Алдағы 12 айға жасалған төлемдер мен мәртебені Халық банкінің қосымшасы арқылы тексеруге болады. Ол үшін Halyk мобильді қосымшасын орнатып, авторизациядан өтіп, «Мемлекеттік қызметтер» бөлімін таңдап, ізінше «МӘМС» бөлімшесінде ЖСН жазу керек. Halyk арқылы медициналық ұйымға тіркелгені туралы ақпарат қолжетімді. «Мемлекеттік қызметтерге» кіріп, «Анықтамалар» батырмасын басқан кезде тұрғылықты мекенжайы, емхананың атауы, тіркелген күні көрініп тұрады.

Алдағы 12 айға жасалған төлемдер мен мәртебені ЦентрКредит Банкінің қосымшасы арқылы да білуге болады. BCC.KZ мобильді қосымшасын орнатқаннан кейін, авторизациядан өтіп, «Мемлекеттік қызметтер» бөлімін таңдап,

ізінше «МӘМС туралы ақпарат» бөлімшесінде ЖСН жазу қажет.

Сондай-ақ Kaspi.kz мобильді қосымшасын орнатып, Kaspi Bank қосымшасында сақтандырылған мәртебесін тексеруге болады. Авторизациядан өткеннен кейін «Мемлекеттік қызметтер» бөліміне кіріп, ары қарай «МӘМС мәртебесін» таңдау керек.

Ғалымжан Салықов түсіндіргендей, соңғы 12 ай ішінде төленбеген кезеңдер болса, оларды банк қосымшаларында төлеуге болады. Төлемдер тексерілгеннен кейін «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» мәртебесі беріледі.

Естеріңізге сала кетейік, азаматтар мәртебесін келесі қосымшалар арқылы тексере алады:

- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- fms.kz ресми сайты
- Telegram-дағы @SaqtandyruBot
- 1414 байланыс орталығы
- Damumed мобильді қосымшасы.

Сондай-ақ, Электронды үкіметтің egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебені тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.

## БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ БОЛА ТҰРА, КӨЛК ҚҰРАЛЫН БАСҚАРҒАН

Қармақшы аудандық сотында ҚР ӘҚБтК-нің 434 бабының 1 бөлігімен азамат К.-ға қатысты қаралған әкімшілік іс бойынша айыпшұл салынды.

Әкімшілік іс құжаттарына сәйкес, азамат К. 25 маусым 2023 жылы, сағат 23:00 шамасында өзінің бір топ достарымен Төреғам кенті, Құлтасов көшесінің жанына жиналып, жан-жал барысында екі топ бір-біріне тас лақтырып, жан-жаққа қашып, айналасындағыларға сыйламаушылық білдіріп,

қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын әрекетті жасаған.

Сот отырысында құқық бұзушы К. кінәсін толық мойындап, шын жүректен өкініп, жеңіл жаза қолдануды сұраған.

Сотының қаулысымен құқық бұзушы К. Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 434 бабының 1 бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 48 300 теңге көлемінде айыпшұл салынды.

## ТЫНЫШТЫҚТЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ӘКІМШІЛІК АЙЫПШҰЛ САЛЫНДЫ

Қармақшы аудандық сотында ҚР ӘҚБтК-нің 434 бабының 1 бөлігімен азамат К.-ға қатысты қаралған әкімшілік іс бойынша айыпшұл салынды.

Әкімшілік іс құжаттарына сәйкес, азамат К. 25 маусым 2023 жылы, сағат 23:00 шамасында өзінің бір топ достарымен Төреғам кенті, Құлтасов көшесінің жанына жиналып, жан-жал барысында екі топ бір-біріне тас лақтырып, жан-жаққа қашып, айналасындағыларға сыйламаушылық білдіріп,

қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын әрекетті жасаған.

Сот отырысында құқық бұзушы К. кінәсін толық мойындап, шын жүректен өкініп, жеңіл жаза қолдануды сұраған.

Сотының қаулысымен құқық бұзушы К. Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 434 бабының 1 бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 48 300 теңге көлемінде айыпшұл салынды.



Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор**  
**Егиншибаева Анар**  
**Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:**  
**Әбілбай Садықбаев**  
**Данияр Сұлтанбеков**  
**Рысбай Кәрімов**

**Бас редактор**  
**Сыдықова**  
**Жанар**  
**ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ**

**Жауапты хатшы**  
**Зибаш ӘЛИ**  
**8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

**Редакцияның мекен-жайы:**  
**Қызылорда қаласы,**  
**Байтұрсынов**  
**көшесі 46/36**  
**Телефон:**  
**8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62

Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды

Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9820 дана**  
**Индекс 66503**  
**Тапсырыс №197**

**E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru**  
**Электронды нұсқасы:**  
**https://ret-gazeta.kz/**